

"Техносистем" ұлттық акционерлік компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 11 қазан N 1154. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.10.19. N 1348 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Техносистем" ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы" 1994 жылғы 8 шілдедегі N 1787 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Техносистем" ұлттық акционерлік компаниясын (бұдан әрі - Компания) құру жөніндегі құрылтайлық құжаттар пакетін бір ай ішінде әзірлең, бекітсін;

Компанияға кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін, сондай-ақ бұрыннан құрылышп, Компанияның құрамына енгізілген акционерлік қоғамдардың мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану мен басқару құқын табыстасын;

мемлекеттік кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың акционерлендірілуіне қарай, Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдары (II кезең) меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен

Меммүліккомы тарататын акциялар пакеттерінен басқа, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін Компанияның иеленуіне, пайдалануы мен басқаруына берсін;

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігіне бұрын бөлінген Алматы қаласы, Масаншы көшесіндегі, 57а үйден жалгерлік шартымен Компанияға қызметтік үй-жай беретін болсын.

2. Компанияның тұрағы Алматы қаласы болып белгілесін.

3. Компания мына салалардағы;

ақпараттандыру мен есептеу техникасы;

ғылыми-техникалық ақпарат;

радио техникасы мен электроника;

байланыс және телекоммуникациялар;

дәстүрлі емес энергетика мен сирек металдар;

мұнай шығару мен мұнай өндeуде, энергетикада, байланыста, ауыл шаруашылық өнімдерін сақтау мен ұқсатуда, жерде сирек кездесетін элементтерді пайдалана отырып, жаңа материалдар мен бұйымдарды жасауда жаңа технологияларды енгізу салаларындағы ғылыми-техникалық прогрессің дамуына жауап береді деп белгіленсін.

4. "Техносистем" ұлттық акционерлік компаниясының дербес балансы, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген әрі өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар, занды үйым болып табылады, Қазақстан Республикасының заңдары мен өз Жарғысы негізінде іс-қимыл жасайды.

Компания басшылығын тағайындау мен бекіту "Меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру барысында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері" деген Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 шілдедегі N 606 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 28, 341-бап) белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШДЖҚ РМК